Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Turkistan Media Holding" мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүгізу туралы талдамалық

АНЫҚТАМА

Түркістан қаласы **09.10.2026 ж**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2025 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың негізгі бағыттары:

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы:

- Лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;
- Кадрларды таңдау, орналастыру, жоғарылату кезінде бейтараптықтың сақталмауы;
- Таныстық немесе жеке мүдде негізінде қызметке алу;
- Кадрлар ротациясының тиімді жүзеге аспауы.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

- Қызметтік өкілеттіктерді жеке немесе жақын туыстарының мүддесі үшін пайдалану;
- Коммерциялық ұйымдармен байланысты лауазымды тұлғалардың шешім қабылдауға қатысуы;
- Тікелей бағынысты қызметкерлермен туыстық немесе жақын қарым-қатынас болуы.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

- Ішкі бақылау және есеп беру тетіктерінің әлсіздігі;
- Регламенттердің, ішкі рәсімдердің бұлыңғыр немесе нақты еместігі;
- Ашықтықтың болмауы және ақпараттың жария түрде ұсынылмауы;
- Сыртқы бақылаудың болмауы немесе формалды түрде жүргізілуі.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу:

- Бюджеттік қаражатты жоспарлау мен бөлуде ашықтықтың болмауы;
- Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде бұзушылықтар;

- Есеп-қисап пен қаржылық есептіліктің бұрмалануы;
- Жалған қызмет көрсету немесе орындалмаған жұмыстарға төлем жүргізу.

ЖШС "Turkistan Media Holding" мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 карашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ құрамы.

1) "Turkistan Media Holding" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директор орынбасары А. Қалыбай.
2) "Turkistan Media Holding" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас инженері Үзденбаев А.
3) "Turkistan Media Holding" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік сатып алу маманы Еркінбек А.
4) "Turkistan Media Holding" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кадр инспекторы Бекетай Қ.
5) "Turkistan Media Holding" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас есепшісі Джангалиева Н.

Талдамалық анықтама:

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінде анықталған тәуекелдер бойынша:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесінде - Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінде анықталған тәуекелдер бойынша:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мекеменің мемлекеттік қызметшілері мүдделер қақтығысы туындағаны немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өздеріне белгілі болған сәттен бастап жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

Осыған сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде мекемеде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер бойынша анықталған тәуекелдер

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің және

мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген тұлғалардың мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында, олар жақын туыстары, ерлі-зайыптылары немесе жекжаттары бір лауазымда немесе қызметте бірге жұмыс істемейтінін қамтамасыз етуге міндетті. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер бойынша тәуекелдер анықталған жоқ.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша анықталған тәуекелдер:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жүргізу барысында бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша анықталған жоқ.

Бас директоры орынбасары	**Қалыбай А.**
Бас инженері	**Үзденбаев А.**
Мемлекеттік сатып алу маманы	**Еркінбек А.**
Кадр инспекторы	**Бекетау Қ.**
Бас есепшісі	**Джангалиева Н.**

Ішкі талдау жүргізетін топ жетекшісі А. Еркінбек

ЖШС "Turkistan Media Holding" бас директоры У. Қыдыров